

ISSN 1563-0226
Индекс 75867; 25867

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Шығыстану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия востоковедения

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Oriental series

№4 (70)

Алматы
«Қазак университеті»
2014

ЭОЖ 81:372.881

А.Ә. Кенжебаева, Р.Ө. Досымбекова*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: rauan-d@mail.ru

Қазіргі қытай тіліндегі терминжасам принциптері

Мақалада қазіргі қытай тіліндегі терминжасам жүйесінің келбеті мен өзіндік ерекшеліктері ашылып, терминжасам жүйесін дамытудың бағыттары мен негізгі қағидаттарына сипаттама берілген, сондай-ақ шет тілдік бірліктерінің қытай тілінің терминжасамындағы орнына талдау жасалған.

Түйін сөздер: терминология, кірме сөздер, терминжасам үдерісі, терминдер жүйесі.

A.A.Kenzhebaeva, R.O.Dosymbekova

The principles of forming terminology in modern Chinese language

The Research of terminology has become one of the leading trends of modern linguistic research for Chinese and Kazakh scientists. This article opens up their meaning and role in modern linguistics, and particularly terminology systems of the Chinese language.

Key words: terminology, borrowing words, forming of terminologysystems of terminology.

A.A. Кенжебаева, Р.О. Досымбекова

Принципы терминологического образования современного китайского языка

Исследование терминологии стало одним из ведущих направлений современных лингвистических исследований как китайских, так и казахстанских ученых. В данной статье раскрывается значение и роль в современной лингвистике, также особенности терминосистемы китайского языка.

Ключевые слова: терминология, заимствованные слова, терминологическое образование, терминосистема.

Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, жаһандану процесінің серпінді түрде қадам басуы, қоғамдық, саяси, мәдени және экономикалық өзгерістер мен жаңалықтар тілдік қорға жаңа ұғымдарды толассыз түзіп жатыр. Осымен байланысты жаңа ұғымдарды атау, жаңа терминжасам үдерісі қазіргі таңда бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып, әлемдік сахнада тәй-тәй басып келе жатқан терминшығармашылығы өрісінде белсенді әрекеттерді талап етуде.

Соңғы уақытта қытай тіл білімінде, атап айтсақ, Сун Ханцзюн, Лю Жыроц, Жаң Сучию, Бао Чаң, Жаң Хуажин, Ваң Мияю Яң еңбектерінде қытай тіліндегі терминология мәселесі пәрменді түрде зерттеліп, ғылым тілінің қалыптасу кезеңдері анықталып, оны дамытудың бағыттары мен негізгі қағидаттары белгіленді.

Қытай тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай ұлт тілінде салалық терминдер жасау, ұлттық терминологияны қалыптастыру өзекті мәселеге айналып жапон, ағылшын және т.б. тілдерден аударылған терминдерді жүйелеу, салалық терминдер сөздігін жасау секілді практикалық жұмыстар қарқын ала бастағаны белгілі. Сонымен бірге жеке қаламгерлер мен қоғам қайраткерлері шығармашылығында, ғылымның жеке салаларында қолданыста жүрген терминдерді зерделеуге де назар аударыла бастады. Қазіргі таңда қытай тіліндегі кірме сөздер арқылы жасалынған терминдердің жеткілікті дәрежеде мән берілмей, лексикалық деңгейде сөз етіліп, көпшілікке бұрыннан белгілі пікірлер қайталанып келеді. Бұл жағдай терминдер жүйесін жасаудағы көздердің бірі – шетел тілдік бірліктерінің

терминжасамға қатысты мәселелерін зерттеуді сол тілді білетін арнайы мамандардың айналысу қажеттігін туғызып отыр.

Қытай тіліндегі терминдердің қалыптасуы мен дамуындағы шет тілі бірліктерінің қызметін жеке зерттеудің қажеттігі осы тақырыптың өзектілігін белгілейді.

Терминжасам – сан қатпарлы, ақымды жұмыс, оның белгіленген тілдік талантары мен шарттары бар. Салалық ғылым мамандары бұл талаптарды біле бермейді, көп жағдайда ескермейді. Осыдан біраз әбестіктер орын алады. Сондықтан терминші мамандар терминжасам принциптеріне арналған көмекші әдістемелік құралдар дайындау ісін қолға алса, терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптарды жүйелеп, көпшілікке арналған әдістемелік анықтамалар дайындап, ұсынса нұр үстіне нұр болар еді.

Қытай тіліндегі терминжасам жүйесінің де өзіндік қалыптасу жолдары бар: терминдер кірме сөздер арқылы, қытай тіліндегі өзінің байырға қорындағы сөздері арқылы да жасалады. Әдістері: калькалау, жартылай калькалау. Мәселен дыбысталуын және мағынасын толық бұзбай алған терминдер: 阿米巴 (амеба)、坦克 (танк)、阿斯匹林 (аспирин)、阿托品, Ātūpīn (атропин)、安乃近 (анальгин)、安培 ānpēi (ампер)、布朗其主义 (bulangjizhuyi бланкизм)、雷达 Léidá (радар)、呋喃西林 Fūnánxīlín, (药) фурацилинсонымен бірге дыбысталуын қытайша алып мағынасын сөзбе сөз аудару арқылы жасалатын терминдер, мәселен: 泛理论 Fàn lǐlùn (哲) панлогизм, 仿生学 Fāngshēng xué, (矿) бионика, 肺炎 Fèiyán, (医) пневмония, 辅助语言学 Fūzhù yǔyán xué, (语) паралингвистика, 干酪素 Gānlào sù, (化) казеин, 甘露糖 Gānlù táng, (化) маннитоза, 肝硬变 Gān yìng biàn, (医) гепатоцирроз, 感觉论 Gǎnjué lùn, (哲) сенсуализм, 感夜性 Gǎn yè xìng, (植) никтинастия, 动物学 Dòngwù xué, (动) зоология, 分米 Fēn mǐ, (数) дециметр, 风门 Fēngmén, (机) акселератор т.б. сөздер.

Біздің пікірімізше, кірме терминология – әрбір кірген тілдің халықаралық лексикалық қоры. Оған құрамында ең кемінде үш бір-бірімен туыстық жақындығы жоқ тілдердегі жазылуы, айтылуы, лексикалық мағынасы бір сөздер жатады. Кірме терминдердің кіруі, қалыптасуы, орнығуы жеңіл мәселе емес. Ол көп жағдайларға байланысты, айталық, өмір қажеттілігі, баламасының болмауы, т.б. Мысалы, қытай тілінің экономикалық терминдер құрамында кірме сөздер аз емес. Солардың ең алғашқыларына жапон, ағылшын тілдерінен кірген сөздерді жатқызуға

болады. Бұл сөздер бір жағынан экономикалық, рухани байланыстар арқылы кірсе, екінші жағынан, тікелей тілдік қатынастардың рөлі де аз болған жоқ. Дүниежүзіндегі түрлі-түрлі тілдерде сөйлейтін халықтар өзара бір-бірімен қарым-қатынаста болады да, бір-біріне сөз ауысады. Шығу төркіні жағынан алып қарағанда сөздердің тілден тілге ауысуының тікелей ауысу және жанама түрде ауысу деп аталатын екі түрі болады. Қытайға жаңа сөздердің алғашқы толқыны буддизмнің таралуымен байланысты енген, мәселен 世界 (shìjiè) – әлем, 平等 (píngděng) – теңдік, 觉悟 (juéwù) – сана, таным. Ал кірме сөздердің екінші толқыны 19-ғасырмен байланысты. Басқа тілден енген сөздер уақыт озған сайын әбден кірігіп, грамматикалық және семантикалық жақтан игеріліп, сіңісіп кетеді. Шет тілінен енген сөздердің басым көпшілігі өздерінің мағынасын сақтап, семантикалық жақтан өзгеріске көп ұшырамайды. Жапон тілінен қытай тіліне сөз ауысу бұл екі халықтың бір-бірімен мәдени, саяси, экономикалық жақтарынан қарым-қатынас жасауының нәтижесінде көптеген сөздер еніп отырған. Мысалы, қытай тіліндегі «экономика», «өнер», «эстетика», «қоғам», «саясат», «төңкеріс», «партия», «принцип», «философия» деген сөздер – жапон тілінен енген сөздер. Қазіргі заманғы қытайтіліндегі «кока-кола» (kekou-kele), 酷 (ku) сөзі жастар жаргонында кең қолданыстағы ағылшын тіліндегі «cool» сөзі – «керемет» деген мағына береді, бұл сөз ағылшын тіліндегі «cool» сөзінің транслитерациясы ретінде қолданысқа ие.

Қытай тіліндегі кірме сөздерді екі үлкен топқа бөлуге болады. Алғашқысына толық транслитерация әдісімен енген сөздер жатады. Мысалы: «түйе» (luotuo), «кофе» (kafei), «какао» (keke), «шоколад» (qiaokeli), 亨利 hengli, (电) генри. Мұндай сөздер арнайы қолданыстағы иероглифтермен жазылады не болмаса тек транскрипциялық белгілер ретінде қолданылатын иероглифтермен жазылады («кока-кола», «шоколад»). Екінші топқа енетін кірме сөздерге жартылай транслитерация әдісі арқылы енген кірме сөздер жатады. Бұл жағдайда сөздің алғашқы бөлігі сол тілдегі дыбысталуын көрсетсе, екінші бөлігі қытай тіліндегі мағыналық белгісін білдіреді, мәселен: «氨基酸», Ānjīsuān (化) амин қышқылы, (píjiu) «мотоцикл» (motioche), 波美度 bomeidu, (化) Боме градусы.

Атап өтетін жайт, жартылай транслитерация әдісі біршама қытай тіліне бейімделген тиімді әдіс боп табылады. Алғашқыда кірме сөздер

тек транслитерация әдісімен енгізілген болатын мәселен: 德律风 (délǜfēng) – телефон (иероглифтердің мағанасы сөзбе сөз аударғанды «рақымшыл», «заң», «жел» деген мағына беретін). Алайда қытайлықтардың түсінуіне бір-біріне қолайсыздық әкелді. Аталуы дәлме-дәл болғанымен иероглифтер мағынасы түсініксіз тізбектерден тұрды. Біртіндеп 德律风 орнына 电话 (diànhuà) – телефон (сөзбе сөз мағынасы) «электр» + «сөйлеу» – «электрмен сөйлеу»), – деп аударды, бұл нұсқасы есте сақтауға да ұғынуға да оңтайлы тәсіл боп табылды, сол секілді 地名学 dìmíngxué, топонимика (сөзбе сөз мағынасы) «жер» + «ат, есім» + «оқу, үйрену» – «жер аттарын зерттеу»), 方言学 fāngyānxué, (语) диалектология (сөзбе сөз мағынасы) «жергілікті» + «тіл» + «оқу, үйрену» – «жергілікті тілді зерт-

теу»), 肌痛 jītōng, (医) миальгия, миодиния (сөзбе сөз мағынасы) «бұлшық» + «ет» + «ауыру» – «бұлшық ет ауруы»), 抗生 kàngshēng, (生物) антибиоз (сөзбе сөз мағынасы) «қарсыласу» + «тіршілікке» – «антибиоз»).

Қысқаша қорытындылайтын болсақ, бүгінгі таңда ғылыми-техникалық терминология қазіргі заман тіл білімінің белсенді түрде дамып отырған бір тармағы боп табылады. Бұл кейінгі онжылдықтар кезеңінде терминологиялық сөздік қорда болып жатқан елеулі өзгерістермен тікелей байланысты. Мұндай терминологиялық лексика деңгейіндегі құбылыс – «терминологиялық жарылыс» деп аталған жаңа терминологиялық өріс пен терминжүйе қалыптастыруға ықпал ететін жаңа термин сөздердің тіл білімі шеңберіне көптеп енуіне байланысты құбылыс.

Әдебиеттер

- 1 孙汉军. 俄语外来词研究. 外语与外语教学, 2002.
- 2 于海江. 谈谈英汉词典中新词的译名. 中国翻译, 1999.
- 3 胡清平. 音译兼意外来语中译之道选. 中国翻译, 2001.
- 4 Кенжебаева А.А. Краткий китайско-русско-казахский словарь научно-технических терминов (рукописный вариант).

References

- 1 Sun Hanjun. E yuwailaici yanjiu. waiyu yu waiyu jiaoxue, 2002.
- 2 Yu Haijiang. Tantanyinghancidianzhongdeyiming. Zongguofanyi, 1999.
- 3 Hu Jingping. Yinyi qianyi wailaiyu zhong yizhidaoxuan. zhonguofanyi, 2001.
- 4 Kenzhebaeva A.A. Kratki kitaisko-russko-kazahski slovar nauchno tehnicheckih termiov (rukopisny variant).

<i>Кенжебаева А.Ә., Досымбекова Р.Ө.</i> Қазіргі қытай тіліндегі терминжасам принциптері	84
<i>Қортабаева Г., Бисенғали А.</i> Түрік тіліндегі терминдену үрдісі	87
<i>Қыдырбаев Қ.А., Мустафаева А.А., Инаятулла М.</i> Өл-Халилдің «әл-айн» сөздігін құрастырудағы сөздерді реттеу әдісі	91
<i>Мустафаева А.А., Қыдырбаев Қ.А.</i> Языковая ситуация в ряде арабских государств: арабизация системы образования и ее терминов	95
<i>Нурелова А.М.</i> Жапон тіліндегі үстеулердің құрамы	100
<i>Нуржаева А.М.</i> Сравнительный анализ передачи вэньянизма «ㄷ» на казахский, русский и английский языки (на материале новеллы Пу Сунлина «Смешливая Ин-нин»)	103
<i>Нуржаева А.М.</i> Конечные частнцы в вэньяне (на материале новеллы Пу Сунлина «Смешливая Ин-нин»)	106
<i>Салқынбаев М.Б.</i> Ә. Дербісәлі және қазақ шығыстану ғылымы.	110
<i>Сафронова Л.В., Амирбекова У.А., Нурбаева А.М.</i> Концепт чисел и когнитивная поэтика в рассказе Лаврентия Соиа «Площадь треугольника»	116
<i>Сериккалиева А.Е., Абдиман Г.О.</i> К вопросу об исчезающих языках современного Китая	122
<i>Смагулова А.С.</i> Лингвистические основы последовательного перевода научно-технических текстов	128
<i>Шарыпқазы Н.</i> Абай Құнанбаев шығармаларының Қытай жерінде зерттелу мен насихатталу жағдайы.....	133
<i>Шатекова Г.К.</i> Корей және қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздерді салыстырмалы талдау.....	137
Авторлар туралы мәліметтер	143